



PREZIDENT

ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ: КЕЛІССӨЗДЕР КӨКЖИЕГІ КЕҢ



Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары аясында Си Цзиньпинмен кеңейтілген құрамда кездесу өткізді.

Қазақстан Президенті Қытай тарапына мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны үшін ризашылық білдіріп, дәстүрлі қонақжайлық көрсеткенін атап өтті.

Қазақстан Президенті 2012 жылдан бері жоғары деңгейдегі 18 кездесу

өткенін айтып, Қазақстан-Қытай қатынастарының қарқынды дамып келе жатқанына назар аударды.

– Осы уақыт ішінде біз жалпы сомасы 67 миллиард доллар көлеміндегі екі жақты 127 құжатқа қол қойдық. Бізге осы диалогты жалғастыру қажет.

Былтыр өзара сауда көлемі 11 миллиард долларға жуықтады. Бұл жердегі өсім 30 пайыздан астам. Екі жақты қатынастарымызды ілгерілету үшін біздің бұдан да зор әлеуетіміз бар, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қытай Халық Республикасының Төрағасы тату көршіліктің үлгісіне айналған екіжақты ықпалдастықтың жоғары қарқынмен дамып келе жатқанына тоқталып, бірлескен инфрақұрылымдық бастамаларды, соның ішінде «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасын іске асыру ісінде өзара сенім мен ынтымақтастықтың нығайғанын атап өтті.

– Біз адамзаттың ортақ тағдырын қалыптастыру жолында Қазақстанмен бірге болуға және адамзаттың жарқын болашағы үшін ақыл-ойымыз бен күш-жігерімізді жұмылдыруға дайынбыз. Мен Қазақстан-Қытай достығының алып кемесін Сізбен бірге басқаруға әзірмін, – деді Си Цзиньпин.

Кездесу соңында Қазақстан Президенті Қытай Халық Республикасының Төрағасын Қазақстанға ресми сапармен келуге шақырды.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары барысында Қазақстан мен Қытайдың бірлесіп түсірген «Композитор» атты бірінші кинофильмінің шығармашылық тобымен кездесті.

Фильм Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда болған қытай композиторы Си Синхай мен қазақ композиторы Бақытжан Байқадамовтың достығына арналған.

Көркем фильмді Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы мен Қытайдың «Shinework Pictures» және «China Film Coproduction Corporation» компаниялары түсірген. Басты рөлдерде қазақстандық актерлер – Берік Айтжанов, Алтынай Нөгербер, Аружан Жазылбекова, қытайлық актерлер – Ху Цюнь және Юань Цюань ойнайды.

SAPAR

АРАЛ: СЕНІМ СЫЙЛАҒАН СЕРПІН

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Арал ауданына жасаған жұмыс сапарында бірқатар әлеуметтік нысандардың ашылу салтанатына қатысып, кәсіпкерлікті дамыту бойынша көшпелі мәжіліс өткізді.

Аудандағы Сексеуіл кентінде үлкен өзгеріс бар. Әсіресе, соңғы жылдары әлеуметтік, мәдени, спорттық нысандардың салынуы кенттің келешегі жарқын боларын айғақтай түскендей. Мұндағы жаңа ғимараттар қатарына енді спорттық денешынықтыру және сауықтыру кешені қосылды. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылған жобаның жалпы құны 363 млн теңгеден асады.

2-бет



TILSHI ELDEN

АЛҒА БАСҚАН АҚЫН АУЫЛЫ

Сырдария ауданындағы Асқар Тоқмағанбетов ауылының диқандары көктемгі дала жұмыстарын аяқтады. Тәжірибелі басшы Меңдіғали Есжанов басқаратын «А.Тоқмағанбетов ЛТД» ЖШС жылдағыдай жақсы нәтижеге жетуді көздеп отыр.

Серіктестік төрағасының орынбасары Бақыт Жылқыбаевтың айтуынша, биыл шаруашылық 800 гектар жерге күріш, 550 гектар ескі және 150 гектар жаңа жоңышқа екен.

– Асқарлықтар еңбекқор халық. Кезінде ауылдан «Ленин» орденді күрішші Пазылбек Есімов, бірнеше ордендердің иегерлері Бақтияр Жақыпов, Оразалы Оразбаев, Мамай Уайсов секілді даңғайыр диқандар шықты. Бір кездері шаруашылықтың біраз шатқаяқтағаны шындық. Соңғы 3-4 жылда облыс, аудан басшылығының қолдауымен еңсегікесті. Өткен жылдан бастап серіктестік тізгінін іскер азамат Меңдіғали Кеңесұлы қолға алды.

Жұмыс жолға қойылып, диқандардың, күрішші-механизаторлардың еңбекке деген ынтыасы артты, – дейді Бақыт Бердібекұлы.

Иә, айтса айтқандай, ауыл инвесторы өткен жылы жергілікті тұрғындардан 90 адамды жұмыспен қамтыса, биыл олардың саны жүзден асып отыр. Ауылға инвестиция салу оңай емес. Тәуекелге барған Есжанов егінге су әкелу үшін «Елтай» арнасының 15 шақырымын, «Айжанкеткен» арнасының 20 шақырымын «Мелиоратор» ЖШС-нан техника жалдап, қаздырды. Шаруашылықты дамытумен қатар ауылға да қамқорлық танытуда. Алдымен мешітті күрделі жөндеуден өткізіп, оқолы қоршаулармен қоршады. Шаруашылық кеңсесіне де көмек көрсетті. Елді мекен орталығына екі бірдей сәнді аялдама тұрғызды. Мәдениет үйінің, ауылдық аурухананың жөндеу жұмыстарында жәрдем берді. Шаруашылық жыл бойына ауылды дамыту мен тұрғындарды әлеуметтік қолдауға 7-8 млн теңге қаржы жұмсап отыр. Осылайша, бұрын



көштен қалып келе жатқан ауылдың реңіне қан жүгірді. Елді мекендегі жарқын істер бүгінде де жалғасын тауып жатыр.

«Сыр күріші – ел ырысы» дегендей, асқарлықтардың абырой биігінен көрінуіне диқандар Зейнолла Уайсов, Нұрлан Жүзтаев, Жұмағали Смайловтар елеулі үлес қосты. Шаруашылықта жыл сайын озат атанып жүрген Марал



Бекжанов, ағайынды Алматы, Бағдат Жасағанбергеновтер де ел тірлігінің түзеле бастағанын қуанышпен айтады.

– Сыр салысымен қатар жоңышқа да егілді. Атыздар суға толып, себілген тұқымға енді жан бітпек. Алдағы жұмыс – күріштің бітік шығуын бақылау. Алдағы жылы егістікті ұлғайтуды ойлап отырмыз. Сонда ауыспалы егіс заңдылығы сақталатын бо-

TALQY

ЕҚДБ Президентімен кездесті

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Астанада өткен Шетелдік инвесторлар кеңесінің 31-ші пленарлық отырысында Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Сума Чакрабартинмен кездесіп, банкпен алдағы бірлескен жұмыс мәселелерін талқылады.

Кездесу аясында бірқатар бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері мен бірқатар жаңа жоба жайы талқыланды. Мәселен, «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалының құрылысын салу мәселесі осы кездесуде пысықталды.

Атап өтейік, аймақта ЕҚДБ-мен бірлесе энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы

мен көлік инфрақұрылымы саласында жалпы құны 103 млн доллардан астам 4 жоба жүзеге асырылуда. Сондай-ақ, аймақтың инвестициялық портфелінде бірқатар жаңа инфрақұрылымдық жобалар мен шағын және орта бизнестің мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту бойынша ұсыныстар бар.

ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ ӨЗГЕ АЙМАҚТАРҒА ЕНГІЗІЛМЕК

Мониторинг қорытындысымен республикалық инспекциялық топ Қызылорда облысының мемлекеттік рәміздерді насихаттау және пайдалану бойынша жұмыс тәжірибесін таратуды ұсынды.



Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіхалықованың төрағалығымен өткен Мемлекеттік рәміздер мәселелері бойынша Республикалық комиссия отырысында өңірде атқарылған жұмыс туралы баяндады.

Облыста мемлекеттік мекеме, аумақтық департамент және инспекцияларда мемлекеттік рәміздердің жағдайы мен стандарттарға сәйкестігін жүйелі түрде тексеріп тұратын инспекциялық топ тұрақты түрде жұмыс істейді. Ай сайын рейд ұйымдастырылып, анықталған кемшіліктер мен оларды түзету туралы ақпарат БАҚ-та жарияланады.

2015 жылдың шілде айынан бастап облыс бойынша мемлекеттік мекемелерге рәміздерді сатып алу бір орталықтандырылған жүйеге енгізілді. Облыстағы Мемлекеттік рәміздер туралы база қалыптастырылды. Онда өңіріміздегі Мемлекеттік рәміздердің қаржыландырылуы, саны мен жауапты адамдар жайлы мәлімет қамтылған. Өңірде мониторинг жүргізген республикалық инспекциялық топ жағдайда аталған Мемлекеттік рәміздердің базасын қалыптастыру бағытында жүргізіп жатқан жұмыстарымызды басқа өңірлерге оң тәжірибе ретінде таратуды ұсынатындығын жеткізді.

Аймақ басшысы, сондай-ақ, саладағы проблемалық мәселелерді атап өтті.

«Дегенмен, проблема да жоқ емес. Мемлекеттік рәміздерді дайындайтын лицензиялары мен сертификаттары бар жеке серіктестік мекемелер мемлекеттік рәміздер туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес келмейтін Мемлекеттік рәміздерді пайдалануға беруде. Бұл жағдайлар қарағандылық «Ақ бастау КЗ» және астаналық «ZOOM» жарнама агенттігі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінде кездесті. Бұл жөнінде Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне ұсыныс берілді», – деп хабарлады облыс әкімі.

Атап өтейік, облыс орталығында Мемлекеттік рәміздер аллеясы салынып, биіктігі 60 метр болатын тұңғиға Ту орнатылған. Бүгінгі күні аллея мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ант қабылдауы, ескер қатарына шақырылған жас азаматтарды шығарып салу сынды патриоттық іс-шаралар өткізетін ерекше орынға айналды. Сондай-ақ, 4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні Арал қаласында Мемлекеттік рәміздер аллеясы ашылды. Болашақта мұндай мәртебелі орындар барлық аудан орталықтары мен тіректері елді мекендерде салынатын болады.

«СБ» ақпарат.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы»
Сырдария ауданы.

BAILANYS

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қазақстан Республикасындағы Ресей Федерациясының Төтенше және Өкілетті Елшісі Алексей Бородавкинмен және Германия Федеративтік Республикасының бас консулы Йорн Розенбергпен кездесті. Кездесу барысында әріптестікті дамыту мәселелері талқыланды. Аймақ басшысы А.Бородавкінді жаңа қызметімен құттықтап, облыстың инвестициялық әлеуетін таныстырды.

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ МИССИЯ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

– Өңірлік сауда-экономикалық әріптестікті дамыту жұмысымыздың басым бағыты болып қала береді. Ортақ жұмыстың арқасында 2018 жылдың 1 тоқсанында Қызылорда облысы мен Ресей Федерациясының өзара сауда жасау көлемі 14 437,6 мың АҚШ долларын құрап, 2017 жылы осы кезеңмен салыстырғанда 16,7 процентке артты, – деп атап өтті облыс әкімі.

Кездесуден соң журналистерге сұхбат берген елші:

– Сапар барысында Байқоңырда болдым. Облыс әкімімен арадағы әңгімеміз іскерлік бағытта өрбіді. Аймақ экономикасын өркендетуге ресейлік бизнесмендердің үлес қосуы, білім саласындағы мәселелерді талқылады. Қазірдің өзінде Ресейде 70 мыңға жуық қазақстандықтар білім алуда. Байқоңырдың бозашағы мен «Бәйтерек» бағдарламасын іске асырудың тиімділігіне тоқталдық. Бұл кездесуімз келешекте қолға алынатын іргелі істерге алғышарт болады деп ойлаймын, – деді.

Осы күні аймақ басшысы Қазақстандағы Германияның Бас консулы Йорн Розенбергпен кездесті. Облысқа жұмыс сапары аясында Й.Розенберг аймақтың әлеуметтік және өндірістік нысандарын аралап, «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ракета ұшырылымын тамашалады.

– Бұл менің Қызылордаға екінші келуім. Осы жолы Аралдан бастап көлікпен жүріп өттік. Кездесу барысында Қазақстанда өкілдіктері бар неміс компанияларының Сыр өңіріндегі түрлі жобаларға қатысу мүмкіндіктерін талқылады. Күзде өтетін форумға Қазақстандағы неміс компанияларының өкілдерінен құралған делегацияны бастап келуге уәде бердім, – деді Бас консул өз сұхбатында. Дипломатиялық миссия өкілдері аймақпен әріптестік орнатуға қызығушылық танытты.



Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы».

KÁSI BI MEREKE

ЭКОЛОГТАРҒА – ЖАҢА ТЕХНИКА

А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне және Қоршаған ортаны қорғау саласының құрылғанына 30 жыл толуына арналған салтанатты шара өтті.



Алдымен қатысушылар назарына Сыр өңірінің экологиялық мәселелері мен оларды шешу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жайын баяндаған бейнетүсірілім ұсынылды.

Мунан соң аймақ басшысы эколог мамандарды, сала ардагерлерін құттықтады.

– Қазақстан өз Тәуелсіздігін алғаннан кейін қоршаған ортаны қорғау мен адамның өмір сүруі үшін қолайлы жағдай туғызу еліміздің басты міндеттерінің бірі болды. Қандайда бір мемлекеттің экологиялық ахуалы көрші елдерге өзінің кері әсерін тигізетіні белгілі. Экологиялық проблемалардың шекарасы болмайды. Сондықтан, Қазақстан халықаралық деңгейде қабылданған қоршаған орта және оны дамыту жөніндегі декларацияға қосылып, ауқымды

шаралар іске асыруда. Соның ең үлкені, халқымыздың тағдырына ауыр әсер еткен ең қасіреттісі – Семей полигонының зардабына 1991 жылы 29 тамызда Елбасының Жарлығымен соңғы нүкте қойылды. Осылайша, полигонда 40 жылдан астам жүргізілген жарылыстың үні өшті. Уланған ауа, бүлінген жер, мутацияға ұшыраған ұрпақ қазақ халқының басына төнген қасірет болса, оның жолын түбегейлі кесу – әрине, ол ең алдымен Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегі әрі ерлігі, – деді облыс әкімі өз сөзінде.

Облыс басшысы сондай-ақ, көптеген жылдар бойы Арал теңізі суының тұздану мәселесі алаңдатқан Сыр өңірі үшін бұл атаулы күннің маңызды екенін атап өтті. «Арал дағдарысы» – Арал бассейнінде өмір

сүретін 35 млн адамға әсерін тигізіп отырған, адамзат тарихындағы аса ірі экологиялық зардаптардың бірі. 6 млн гектардан асатын аймақ тұзды шөлге айналып, атмосферасындағы тұзды тозаң көзі болды. Осындай қиын жылдары Елбасы Арал теңізінің қалпына келтіру туралы тарихи шешім қабылдап, «Ғасыр жобасы» – «SARATS» қолға алынды, аймақтың балық шаруашылығы қайта жанданды. Бүгінгі күні SARATS жобасының екінші кезеңі басталып кетті. Енді теңіз Арал қаласына жетеді деген сенім мол.

Сонымен қатар облыс әкімі «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «Протон» зымыран-тасығыштарының ұшырылу мәселесі қаралып, ұшыру саны қысқартылып, 2026 жылы оларды мүлдем ұшырмау туралы шешім қабылданғанын жеткізді.

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасын іске асыру бойынша да облыста қажетті жұмыс жасалып отыр. Мәселен, облыс халқының 95 проценті орталықтандырылған ауызсу жүйесімен қамтылған. Бұл – республика бойынша алдыңғы көрсеткіштердің бірі. Энергия үнемдеу, оның тиімділігін арттыру мақсатында нақты шаралар бар. Ауыл шаруашылығындағы 35 шаруа қожалығы күн сәулесімен жұмыс істейтін кіші электр станцияларын пайдалануда. Облыстың атмосфералық ауасының ластануын азайту және экономикалық тиімділікті арттыруда қоғамдық көліктер газға көшіріле бастады. Қысқасы, өңірдің экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған әрбір істің жүзеге асуында сала мамандарының айрықша үлесі бар.

Салтанатты шарада үздік қызметкерлер, сала ардагерлері Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен, облыс әкімінің Алғыс хаты, сондай-ақ, ҚР Энергетика министрілігінің «Экология саласының үздігі» төсбелгісімен, Құрмет грамотасымен марапатталды. Ал «Экология саласына 30 жыл» мерекелік медалін облыстық мексикат хатшысы Наурызбай Байқадамов табыс етті. Сонымен бірге Қызылорда облысы бойынша экология департаментінің басшысы Марат Құрманбаевқа арнайы техниканың сертификаты берілді. Әріптестерін сала ардагері Қуанышқали Шапшаңов құттықтады.

Мерекелік шара концерттік бағдарламамен аяқталды.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы».

SAPAR

БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГИЯ – БІРЕГЕЙ БАСТАМА

БҰҰ Даму бағдарламасының бірыңғай жобасы шеңберінде Еуропалық Одақ қаржыландыратын «Қызылорда облысында оазистік суаруды көрсету» пилоттық жобасы Арал өңірінің ауыл шаруашылығында тиімді су ресурстарын басқаруда жасалатын технологияларды енгізуді көздейді. Сондай-ақ, су және энергиямен қамту шығындарын 29 млн теңгеге дейін азайтуға мүмкіндік береді.

Осы пилоттық жоба Жалағаш ауданында таныстырылды. Баламалы энергияны пайдалану бағытындағы іс-шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, БҰҰ тұрақты үйлестірушісі, БҰҰ ДБ Қазақстандағы тұрақты өкілі Норимаса Шимомура, Еуропалық Одақтың Қазақстандағы өкілдігі ісінде уақытша сенімді өкілі Золтан Салаи және Германияның Қазақстандағы елшілігі ісіндегі сенімді өкілі Джонатан Вайнберг қатысты.

Еуропалық Одақ тарапынан толық қаржыландырылатын, құны 71 миллион еуроны құрайтын бұл жобаның ерекшелігі – жасыл технологияларды қолдану арқылы сортаңданған жерлерді ауылшаруашылық мақсаттарда пайдалануға бейімдейді. Жобаны іске асыруға аудандағы «Манақ баба» қожалығы таңдалды. Бұл орайда 9 озық «жасыл» технологияны қолдану фермерлік қожалығын толыққанды дамыту үшін таза сумен және электр қуатымен қамтамасыз ететін болады.

Әріптестік шарасында аймақ басшысы Елбасының алдағы уақытта жанды күтіп тұрған 5 сын-тегеуріндер қатарында базалық ресурстардың, оның ішінде ауызсу мен суармалы судың тапшылығына баса назар аударғанын атап өтті.

– Су ресурстарын пайдалануда біз су тапшылығының алдын алу үшін облыста бірқатар жұмыстарды қолға алып отырмыз. Мысалы, соңғы жылда Сырдария өзенінде екі үрлемелі су тоспасы салынды. Судың қорын тиімді



пайдалану ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына мүмкіндік берді. Бұдан бөлек, 2018 жылдан бастап 3 млрд текше метр су жинайтын 6 су қоймасын салуды жоспарлап отырмыз. Осылайша біз, суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсарту арқасында суды 20 процентке дейін үнемдеуге қол жеткізетін боламыз. Ал оазистік суару технологиясын енгізу – мал шаруашылығы мен өсімдік шаруа-

шылығын қатар дамытып, жаңа кәсіпорындарды ашуға мүмкіндік береді, – деді аймақ басшысы.

Өз кезегінде, БҰҰ ДБ Қазақстандағы тұрақты өкілі Норимаса Шимомура жаңа технологияларды және тәсілдерді енгізу әртараптандыру мен еңбек өнімділігінің әлеуетін арттырудың көрнекі үлгісі болып табылатынын атап өтті.

Еуропалық Одақтың Қазақстандағы өкілдігі ісінде уақытша сенімді өкі-

лі Золтан Салаи да біздің елімізді өте маңызды стратегиялық серіктес санайтынын айтып өтті.

– Өңірлердегі жұмыс біздің стратегиямыздың басты элементі болып табылады. Біздің жоспарымыз – өңірлермен, соның ішінде Қызылорда облысымен түрлі даму банкітері арқылы жаңа форматта жұмыс жасау. ЕО қаржылық қолдауымен іске асырылып отырған бұл жоба – жасыл экономика саласындағы жұмыстарды табысты жүзеге асырудың бір көрінісі, – деді ол.

Жоба жайында толығырақ айтсақ, «Манақ баба» қожалығына күн сәулелік және жел электрстанциясынан тұратын, күн сәулесін және жел массаларының қозғалысын электр энергиясына түрлендіретін гибридіті құрылғы орнатылды. Бұдан алынған энергия тұрмыстық тұтынуға және фермерлік қажеттіліктерге пайдаланылады. Арнайы сорғыш шаруа қожалығының аумағында орналасқан ұңғымадан суды үлкен көлемді ыдысқа, тәуліктік реттеу бассейніне тартады. Ал бассейнге жиналған су тармақтың көмегімен белгіленген аумаққа бір-келкі үлестіріледі. Осмотикалық құрылғымен қайта тазартылатын су ауыз суға, сондай-ақ плантацияларды суаруға пайдаланылады.

Жоба нәтижесінде шамамен 5 гектар сортаңданған жер қалпына келтірілсе, оның 3 гектары алма бағы, ал қалған бөлігіне басқа да көкөніс дақылдары өсіріледі. Әлемдік тәжірибеде бизнестің бұл түрінің табыстылығы 7%-ті құрайды. Өз кезегінде бұл жоба Сыр өңірінде жасыл технологияларды пайдалану арқылы баламалы энергия үлесін арттыруға септігін тигізетін болады.

Айта кетейік, шара қонақтары мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында «Таң ЛТД» ЖШС 200 млн теңгеге күрделі жөндеу жүргізіп, пайдалануға берген 90 орындық «Таң бөбегі» балабақшасында болып, бүгінгі тіршілік тынысымен танысты. Мұнда 23 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы». Жалағаш ауданы.

АРАЛ: СЕНІМ СЫЙЛАҒАН СЕРПІН

1-бет

Аумақты нысанды «Асанас-Дар» ЖШС құрылысшылары салды. Силикат кірпішпен өріліп, сәндік қасбетпен қапталған спорттық нысанның ауласы абаттандырылған. Енді мұнда Сексеуіл спортшылары бокс пен күрестің 3 түрі бойынша жаттыға алады.

Оның ашылу рәсімінде сөз сөйлеген аймақ басшысы заманауи кешенде жаттығу ауыл баласы үшін де қолжетімді болуы керектігін атап өтті.

– Бұл нысан – облыс бюджеті есебінен салынған аудандағы тұңғыш спорт кешені. Дәл осындай нысандар алдағы уақытта облыс бойынша барлық тіркекті елді мекендерде, соның ішінде, ауданға қарасты Жақсықылыш кенті, Шижаға елді мекенінде, Арал қаласында салынады деп жоспарлануда, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы кент инфрақұрылымын арттыру жалғаса беретінін де айтып өтті. Қазір 11 мың тұрғыны бар Сексеуілді газдандыру жобасы дайын түр.

Кент халқының тағы бір қуанышы – осыдан бір ай бұрын ашылған «Қарақат» ойын-сауық орталығы. Жеке кәсіпкер Мейрамбек Таласов 150 млн теңгеге салған әлеуметтік нысанда 10 сауда дүкені, балалар ойын-сауық орталығы бар. Екінші қабатында 44 сауда нүктесі жұмыс істейді. Балаларға арналған бөлігіне аттракциондар, батуттар қойылған. Сауда орталығында 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылуда. Нысан жұмысымен танысқан аймақ басшысы ел игілігі үшін еңбек еткен кәсіпкер жұмысына сәттілік тіледі.

Осы күні Шижаға ауылында ауызсу құбыры іске қосылды. Бұл – «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында таза ауызсуға қосылған теңіз төскейіндегі бесінші елді мекен. Бұл мәселені түбегейлі шешу мақсатында өткен жылы «Жол картасы» қабылданып, 7 ауыл орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылды. Облыс әкімі шалғайдағы елді мекендердің де мәселесін шешу бағытында жобалар жасалып жатқандығын жеткізді.



– Облыста ауызсумен қамтамасыз ету республика бойынша 97% көрсетіп, жоғары деңгейге жетті. Енді бірер жылда аудан түгел таза сумен қамтылады. SARATS жобасының екінші кезеңі бойынша 8 компонент іске асырылады. Бұл жоба балық шаруашылығын дамытуға үлкен септігін тигізетін болады. Алыс аудан саналатын Аралға да газ келді. Бүгін сіздерге су келсе, көп ұзамай газ да жетеді, – деді облыс әкімі.

Екі жарым мыңнан астам түтіні бар ауылдың барлық үйіне ауызсу жүйесі жеткізілді. Есептегіш құралдары орна- тылды. Құрылыс жұмыстарының сапа- сын тұрғындар өздері бақылады.

Жалпы, ауылда әлеуметтік мәселе- лер оң шешімін тауып келеді. Көше- лер жарықтандырылып, жолдар жаңғыртылуда.

Облыс басшысының төрағалы- ғымен осы күні аудан әкімдігінде кәсіпкерлік саласының дамуына арналған көшпелі мәжіліс өтті. Онда теңізді аймақ экономикасын дамытудың нәтижелері туралы аудан әкімі Мұхтар Оразбаев баяндама жа- сады.

«2017-2019 жылдарға арналған «Жол картасы» бойынша ауқымды жобалар қамтылып отыр. Осы күнге дейін жалпы құны 114 млрд теңге болатын 84 жобаның 39-ы жүзеге асқан. Быыл ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, өндіріс салалары бойынша межеленген іс жүзеге асырылып, ел игілігі жо- лындағы жұмыстар жалғасын таппақ.

Биыл мемлекеттік грант алу үшін ауданнан 86 кәсіпкер өтінім беріп, конкурстық комиссия оның 23-ін мақұлдаған. Ал өңірлік инвестициялық орталық тарапынан жыл басынан бері жалпы құны 166,3 млн теңге болатын 34 жоба үшін шағын несие берілген.

Көшпелі мәжілісті қорытынды- лаған аймақ басшысы кәсіпкерлікті дамыту бағытында облыста атқарылып жатқан жұмыстарды бір саралап, кәсіпкерлердің мұндай мүмкіндікті қалт жібермеу керектігін қадап айтты.

– Быыл облыста «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» жария- ланғанын жақсы білесіздер. Бұл үшін тиісті Жол картасы әзірленіп, барлық қаржыландыру көздерінен 32 млрд теңге жинақталды. Одан бөлек, шағын бизнес субъектілерінің стартап жобаларына қайтарымсыз гранттар беріп, оларға қолдау көрсету үшін облыстық бюджеттен 200 млн теңге бөлінді. Мұндай қаржыны бас- қа облыстар бөліп отырған жоқ. Ел жағдайын шын ниетімен көтеріп жүрген азаматтарды қолдаймыз. Кәсіп- керлікке жаппай қолдау керек. Бұл бірінші мәселеге айналуы тиіс, – деді облыс басшысы.

Мәжіліс соңында бірқатар сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ, «Сыр бойы». Арал ауданы.



www.syrboyi.kz

TARAZY

№83-84 (19566-19567)
9 маусым, сенбі
2018 жыл

SUNBAT

Бүгінгі таңда балық шаруашылығы облыс экономикасының маңызды саласына айналды. Өркендеу жолына түскен іргелі салада атқарылған жұмыстар да, алдағы міндеттер де ауқымды. Осы орай-да облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Айдар Абдуалиевпен сұхбаттасқан едік.

– Айдар Сейсенбекұлы, бұдан 10-15 жыл бұрын байырғы кәсіпшілікті мұндай дәрежеге жетелді деп ешкім ойлаған жоқ еді. Сондықтан қайта түлеген саланың бүгінгі тыныс-тіршілігі жайлы айтып өтсеңіз...

арқасында Арал халқы туған теңізінің игілігін көруде. Жоба шеңберінде Сол-түстік Арал теңізіндегі «Көк-арал» су тоспасы, «Өйтек» су құрылысы кешені және Сыр-



СЫР БАЛЫҒЫНА СЫРТҚЫ НАРЫҚТА ДА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

– Қасиетті Сыр елі, өзінің ақ күріші, төрт түлік малымен қатар Арал балығымен аты шыққан бере-келі, құтты мекен. Қазіргі күні, об-лыста балық шаруашылығы ауыл шаруашылығының негізгі саласының бірі болып қалыптасты деп толық айта аламыз. Өйткені, ол өңір эко-номикасының дамуына, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына және оларды жұмыспен қамтамасыз етуде маңызды салаға айналды.

Бәрімізге белгілі, өткен ғасырдың 60-шы жылдары Сыр өңірі балық шаруашылығының дамуы бойынша республикада екінші орында болды. Жылына 55-60 мың тоннаға дейін балық ауланды.

Алайда, Арал теңізінің тартылуы 80-шы жылдардан бастап балық шару-ашылығын тоқырауға ұшыратты. Ондаған балық өңдейтін кәсіпорындар мен балық зауыттары, шаруашылықтар жабылды. Балықшылар басқа өңір-лерден Балқаш, Қапшағай, Ырғыз көл-деріне көшіп аулауға мәжбүр болды. Теңіз суының тұздылығы 30 мг/л дейін өсіп, балық аулау мүлдем тоқтайтын

дария өзеніндегі қорғаныс бөгеттері салынды. Нәтижесінде теңіз деңгейі Арал қаласына 17 шақырымға дейін жеткенді. Сырдария өзенінен Сол-түстік Арал теңізіне құйылатын судың көлемі көбейіп, өңірдегі көптеген биологиялық түрлер қалпына келе бастады. Өз кезегінде, көлемі 20-30 мың гектардан асатын ондаған ірі көлдер қалпына келіп, балық шару-ашылығының дамуына мүмкіндік жаса-ды. Теңізде бұрын жойылып кеткен балықтың 14 түрі қайта көрініс тапты.

– Бұрынғы кездері балық аулауға мән берілсе, енді өңдеу саласының жақсы дами түскенін байқаймыз. Табиғат пайдаланушылармен жұмыс қандай деңгейде?

– Облысымызда балық аулау көлемі жыл санап артууда. Мәселен, аулау көлемі 2000 жылмен салыстырғанда 20 есеге өсіп, қазіргі таңда 400-ден 8000 тоннаға жетті. Балық аулау көлемінің өсуі балық өңдеу саласының дамуына мүмкіндіктер жасады. Облыстағы атал-ған шаруашылықтар мен балық өңдеу кәсіпорындарында мыңдаған адам жұ-мыспен қамтылды.

тоннасы мелиоративтік (Кіші Арал теңізінің «Көкарал» бөгетінің төменгі бөлігінде және Сарысу, Телкөл көлдер жүзесінде) аулауды құрады.

2018 жылы өткен жылмен салыс-тырғанда облысқа бөлінген балық аулау лимиті 4%-ке (2017 жылы – 7696,6 тн, 2018 ж. – 7415 тн), соның ішінде Кіші Арал теңізіне 7%-ке азайса (2017 ж. – 6934 тн, 2018 ж. – 6469 тн), жергілікті маңызы бар көлдерге бөлінген лимит көлемі 24%-ке (2017 ж. – 762,6 тн, 2018 ж. – 946 тн) көбейген.

Ағымдағы жылдың 5 айында 1672 тонна балық ауланып, бюджетке 54 млн теңге түсірілді. Балық өңдеу саласында айтарлықтай жұмыстар атқарылуда. Қазіргі таңда, терең өңдеумен 8 зауыт айналысуда. Оларда 450-500-дей адам жұмыспен қамтылған. Балықшылар, балық өңдеу саласының жұмысшылары мен тасымалдаушы, сатушыларды қоса есептегенде, облыс бойынша 2800-3000 адам осы салада еңбек етеді.

Арал қаласындағы индустриалдық аймақтан «Аквакультура ЛПД» жауап-кершілігі шектеулі серіктестігіне өткен жылы жер беріліп, онда балық өңдеу зауытын салуда. Зауыт ағымдағы

2084 тонна балық өнімдері экспортқа шығарылды. Бұл өткен жылдың осы мезгілімен салыстырғанда 25 процентке артық.

Экспортқа шығарылған өнімдер – көксерке балығының сүбесі және қатырылған, мұздатылған торта, табан балықтары. Өнімдеріміз сапалы да дәмді, сондықтан сұраныс жоғары.

– 80-ші жылдары тоғандап балық өсіру жақсы дамыды. Қазір тауарлы балық өсіру шаруашылықтарын да-мытуға басымдық берілуде екен. Бұл бастаманың мақсат-міндеті қандай, нәтиже бар ма?

– Балық шаруашылығы саласын-дағы маңызды мәселелердің бірі, ак-вакультураны, немесе тауарлы балық шаруашылықтарды дамыту болып та-былады. Тауарлы балық өсіру шару-ашылықтарын дамыту: біріншіден – табиғи су айдындарына кәсіпшілік жүктемені азайтуға, екіншіден ба-лық өңдеу зауыттарын шикізатпен қамтамасыз етуге, қосымша жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

2015 жылдан бері облыс бойынша – 10 (Арал, Қазалы, Жалағаш, Сырдария – біреуден, Қызылорда, Шиелі, Жаңақорған – екеуден) тауарлы балық өсіретін шаруашылықтар жұмыс жа-сауда. Өткен жылы бірінші рет аталған шаруашылықтармен 107 тонна тауарлы балық өсіріліп, нарыққа шығарылды.

Биылғы жылы 130 тонна тауарлы балық өсіру жоспарлануда. Айта кету керек, Арал, Шиелі, Жаңақорған аудандарында тауарлы балық өсіру саласын дамытуда біршама жұмыстар атқарылуда. Арал ауданында Ақшатау көлінің пайдаланушы «Жамбыл» өндірістік кооперативі өткен жылы 52 тонна тауарлы балық өсірді және балық шабақтарын шығаратын инку-бациялық цех салды. Осы ауданда екі кәсіпкер балық өсіретін тоған (пруд) салу үшін жер телімін алып, бүгінде қажетті жұмыстарды жүргізуде. Шиелі ауданында «Сүйіндік» шаруа қожалығы 2016 жылдан бастап балық шабақтарын шығаратын инкубациялық цех салып, бүгінгі күні өзінің шаруашылығын қамтамасыз етумен қатар, артығын шаруашылықтарға сатуда. Жаңақорған ауданында жеке кәсіпкер Амантай Сарбасов бұрыннан табиғи жылы су беріп тұрған скважинаның қасынан жы-лықкайда көкөніс өсірумен айналысып келеді. Жылыжайға пайдаланып отыр-ған жылы судың артығына балық өсіруді жоспарлап отыр.

Атап айтқанда, биыл Өзбекстан Рес-публикасынан 1,5 мың африкалық жайын шабақтарын әкеліп, тоғанға жіберген. Кәсіпкер алдағы уақытта жабық ғимарат салып, инкубациялық цех орнатып, оны жылы бойы өсіруді жоспарлауда. Африкалық жайын бас-қаларға қарағанда тез жетіліп, жақсы салмақ бере алады.

Бұл өнімнің нарықтағы бағасы 500-600 теңге екендігін ескерсек, эконо-микалық жағынан тиімділігін көруге болады. – Көлдерге мелиорациялық жұ-мыстар жүргізу де балықтың өсіп-өнуіне жағдай жасайды. Бұл жұмыс-тардың қазіргі барысы қалай?

– Тауарлы балық өсіруге қолайлы су айдындарына мелиорациялық жұмыстар жүргізу үшін облыстық бюджеттен айтарлықтай қаржы бөлініп келеді. Өткен жылы Қазалы ауданында «Қаракөл», «Таскөл», «Қоңыраулы-Көл-дей» көлдеріне су беретін каналдар тазаланып, гидротехникалық құры-лыстары қалпына келтірілді. Аталған жұмыстар, биылғы жылы Арал аудан-ындағы «Тұщы-1», «Тұщы-2» және «Қаракөл» көлдерінде жүргізілуде.

ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысымен шіл-денің екінші жексенбісі «Балық ша-руашылығы қызметкерлері күні» ре-тинде Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесіне енді. Осыған байланысты, биылғы жылы 13-14 шілдеде Арал өңірі балықшыларының 4-ші слетін ұйымдастыру жоспарлануда. Қазіргі уақытта слетке дайындық жұмыстары басталды.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Жұматәлі ӘБДУРАМАН,
«Сыр бойы».

NAMYS

Өткен 2017 жылдың қортындысына сәйкес, облыста әскерге шақыру бойынша медициналық комиссияға 72 азамат келмеген. Биылғы жылы көктемгі әскери қызметтен жалтарғандар саны 309 болды. Бұл – Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастасөз қызметінің мәліметі.

Жасыратыны жоқ, қазір «әскерден қашып жүр» деген құлаққа жағымсыз сөзді жиі еститін болғанбыз. Батырлар жырын жаттап өскен аталарымыздың болмысында жоқ жалтақтық қасиет бойымызға қайдан жұқты? Кешегі кеңес өкіметі кезінде де әскерден қаш-пайтын, әскерге жарамсыз балаларды достары да келеке етіп, тіпті, қыз қарамайтын. Біз – сол Кеңес әскерінің сапында болған ұрпақпыз.

Қазіргі жас азаматтарға өзім қы-зыға қараймын. Өйткені, олар тәуелсіз Қазақ елінің қорғаушылары! Өз отанының сарбазы!

Ендеше, әскерден қашып, әкеме көмектесіп жүрмін деме, жас аза-мат, ол сенің туған еліңе жасаған сақындығың. Ауыр естіле ме екен? Бірақ, бұл – шындық.

Отан дегеніміз – өз анамыз, өз әкеміз. Қазір жат ағымға еріп, Алла ризашылығы үшін мұсыл-манды қорғаймын деп қолына қару алып, Сирияға кетіп жатқан қандастарымыздың бар екені де белгілі болып отыр. Дініміз «Ал-ланың ризашылығы – ата-ананың ри-зашылығында, Алланың ашуы – ата-ана ашуында» демеу пе еді! Ендеше,

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛАНЫ ЕКЕНІНДІ ҰМЫТПА!



Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Бұл дүниеде біз-дің бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан» деген сөзі әрбір отандасымыздың жүрегінен орын алуы тиіс.

Бүгінгі әскерден жалтарып жүр-гендерді көргенде батыр Бауыржан-ның рухы алдында бетімізді басып, жерге қарайтын күйге жеткеніміз бе деген ойға шомамыз.

1963 ЖЫЛЫ МӘСКЕУТЕ МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛГЕН КУБА БАСШЫСЫ ФИДЕЛЬ КАСТРОҒА «СІЗ ҮШІН ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫ БАСТЫ ҚАҺАРМАНЫ КІМ?» ДЕГЕН СҰРАҚ ҚОЙЫЛЫПТЫ. СОНДА КУБА КӨСЕМІ КӨП ОЙЛАНБАСТАН: «БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ» – ДЕП ЖАУАП БЕРІПТІ. БҮЛ ЕЛ БАУЫРЖАН АТАМАНЫЗДЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ТАКТИКАСЫН ӘСКЕРИ САБАҚ ЕСЕБІНДЕ ӨТКІЗЕДІ ЕКЕН.

1946 ЖЫЛЫ БЕЛГІЛІ ТӘРЖІМАШЫ ШЛОМО ЭВЕН-ШОШАН БАУЫРЖАН БАТЫР ТУРАЛЫ ЖАЗЫЛҒАН А.БЕКТИҢ «ВОЛОКАЛАМ ТАС ЖОЛЫ» КІТАБЫН ИВРИТ ТІЛІНЕ АУДАРЫПТЫ. ПАЛМАХТАҒЫ ЕВРЕЙ ІШУВЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНДЕГІ КОМАНДИРЛЕРДІҢ БІРІ БЕНИ МАРШАК ОСЫ КІТАПТЫ ӨЗ ЖАУЫНГЕРЛЕРІНЕ ТАРАТЫП, БАУЫРЖАННЫҢ ОТАНШЫЛДЫҚ БЕЙНЕСІН ҮЛГІ ҚЫЛҒАН.

Біз Бауыржанды туған халықтың баласы емесіміз бе?

Соғыста қорқақтық танытқан сарбаздарға Бауыржан атаңның не дегенін блесің бе? «Сен тек өз пози-циямды ғана тастап кеттім деп тұрсың ба? Жок, сен Мәскеуді жауға бердің», – деген. Ал, бұл сөзді атамыз қазақшалап «Қарабет болып қашқаннан, қайрат көрсетіп өлген артық» деп өсиет еткен.

Алла ризашылығын іздеген азамат ең бірінші өз отанын сүюі керек, өз отанының қорғаушысы болуы тиіс.

Облыс әкімі әскери борышын өтеуден жалтарғандарға қатысты сөз қозғап жүргеніне бірнеше жыл болды. Осы мәселеге қатысты бір жиында аймақ басшысы орын алып отырған жағдайға төзбестік танытты. «Көпшілік әскер қызметінен қашып жүрген, Отан алдындағы қасиетті борышын орындаудан құтылып кеткісі келіп жүрген азаматтарды көрсін. Сонда өздерінің құқығын және мемлекеттен тиістісін талап етуді біледі екен де, мемлекет алдындағы борышын орындауға келгенде қашады екен», – деді аймақ басшысы. Қашып жүрген азаматтарды іздеп әрі есімдерін жергілікті БАҚ-тарда жариялауды тапсырды.

«Қара тізімге» іліккендердің осы әрекеттен соң сабасына түсіп, Отан алдындағы парыздарын түсіне бастағаны қуантады. Бұл бүгінгі көрсеткіштерден де көрініп тұр. Мысалы, 2013 жылы облыс бойынша 1116 азамат әскерден жалтарып жүрсе, қазір ол төрт есеге жуық қысқарып отыр. Бұған облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент пен облыстық ішкі істер органдарының бірлесе атқарған жұмыстары да елеулі септігін тигізгені анық.

Бұл мәселеге ең бірінші ата-аналар қатаң жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Әскерден, Отан алдындағы бо-рышынан бас тарту ол баланың ата-анасына ғана емес, ертеңгі өз ба-ласының бетіне шіркеу болатынын осы бастан ұғындыру – өмір көрген үлкендердің міндеті.

Бүгінгі жас, мынаны ұмытпа, біздің әкелерімізді мақтаныш тұт-қанымыз секілді сенің де ертеңгі ұрпағың «менің әкем ұлы дала ұланы болған» деген сөзді асқақ үнмен айта білуі тиіс.

Намысты жігіттер мұны жадына мықтап түйер деп сенеміз.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы».



деңгейге жетті. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, 2000 жылы Солтүстік Арал теңізінен бар-жоғы 400 тонна балықтың бір-ақ түрі, камбала глосса ауланды.

Елбасының тікелей тапсырмасымен жүзеге асып, ғасыр жобасы атанған «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС-1) жобасының бірін-ші кезеңінің жүзеге асырылуы нәтижесінде облыстың әлеуметтік-эко-номикалық дамуына, оның ішінде ба-лық шаруашылығының дамуына үлкен мүмкіндіктер берді. Президенттің қолдауы мен қамқорлығының

Бүгінгі күні, облыс бойынша Кіші Арал теңізі мен жергілікті маңызы бар 203 көлден балықтың 14 түрі бойынша кәсіпшілік балық аулануда. Облыс бойынша есепке алынған Кіші Арал теңізінің 18 учаскесі толықтай және жергілікті маңызы бар 203 көлдің 178-і (88%) аудан (қала) әкімдіктерімен конкурс негізінде табиғат пайда-ланушыларға бекітіліп берілсе, соның ішінде 25 көл резервте тұр (Аралда – 6, Жалағашта – 3, Сырдарияда – 4, Шиеліде – 10, Жаңақорғанда – 2).

2017 жылы облыста барлығы 8740 тонна балық ауланды, оның 7535 тоннасы бекітілген лимит көлемінде және 1205

жылдың соңында іске қосылатын бо-лады. Балық өңдеу зауыттарының 4-і Еуропалық сапа стандартына сәй-кестігін растайтын «Еврокод» санын алған.

– Балық шаруашылығы облыс-тағы экспорттық салаға айналып келеді екен. ТМД мен Еуропа нарығындағы қызығушылық неден туындап отыр?

– Өткен жылы облыс аумағынан 3410 тонна балық өнімдері (Ресейге (2171,6 тн), Польшаға (486 тн), Голландияға (347,6 тн), Грузияға (133,96 тн), Әзербайжанға (119,8 тн), Қытайға (60 тн), Данияға (47,64 тн), Германияға (29,1 тн), Өзбекстанға (15 тн) экспортталса, осы жылдың 5 айында

BILIM

ҮМІТ ПЕН СЕНІМ ҰШТАСАР СӘТ

Биылғы 2017-2018 оқу жылының облысымыз бойынша 147 585 оқушы аяқтады. Оның 7113-і он бірінші сынып оқушылары. Қазіргі таңда емтиханнан босатылғаны – 46, қалған 7067 оқушы қорытынды аттестаттаудан өтіп, ҰБТ сынағына қатысады. Осы күні оқушылар қорытынды аттестаттау бойынша 5 пәннен емтихан тапсырып жатыр.

Бір қуанарлығы, биылғы мектеп бітірушілердің 81%-і жаратылыстану-математикалық, 19%-і гуманитарлық бағыттағы пәндерді таңдаған. Әри-не, бұл дұрыс шешім. Өйткені, биыл-ғы жылы қосымша беріліп отыр-ған 20 мың гранттың басым бөлігі техникалық мамандықтарға беріледі. Демек, түлектеріміздің осы маман-дықтар бойынша грант жеңіп алуына мүмкіндігі жоғары. Осыған дейін айтып келгеніміздей, биылғы түлектер ішінен 343-і «Алтын белгіге», 232-сі «Үздік аттестатқа» үміткер. Олар осы дәрежені мектеп қабырғасында мемлекеттік қорытынды аттестаттау



нәтижесімен дәлелдейді. Айта кетейік, министрліктің тапсырмасына сәйкес, биыл мектеп бітіру кештері барлық емтихандар аяқталған соң, 15 маусымға дейін ұйымдастырылатын болады. Одан кейін жоғары оқу орындарына түсуге ниет білдірген бітірушілер Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысады.

Республика бойынша Ұлттық бір-ыңғай тестілеу 20 маусым мен 1 шіл-де аралығында өтеді, біздің облыста 20-22 маусым күндері 9 тестілеу пунктінде өтетін болады. Оған облыс мектептерінің 7113 түлегінің 4821-і, яғни 67,8%-і қатысады деп күтілуде.

ҰБТ-ға Қызылорда қаласы – 80,6%, Жалағаш ауданы – 71,3%, Қармақшы ауданы 70,6% қатысатыны белгілі болып отыр. Яғни, қатысу көрсеткіші жоғары.

Ал Қазалы ауданы – 69,6%, Сырдария ауданы – 64,2% болса, Шиелі ауданы – 58,5%, Арал ауданы – 54,7%, Жаңақорған ауданы – 52,9% қатысады деп күтілуде.

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУДЕ 5 ПӘННЕН 120 СҰРАҚ БЕРІЛЕДІ. ЕҢ ЖОҒАРЫ БАЛЛ -140. ШЕКТІ БАЛЛ – 50-ді ҚҰРАЙДЫ. ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕРГЕ – 65 БАЛЛ. АЛ ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ ҚОРЫТЫНДЫСЫМЕН ШЕКТІ ДЕНГЕЙДЕН ӨТЕ АЛМАҒАН ТҮЛЕКТЕРГЕ ТАМЫЗ АЙЫНДА ЖӘНЕ 2019 ЖЫЛДЫҢ ҚАНТАР АЙЫНДА ҰБТ-НЫ 2 РЕТ АҚЫЛЫ НЕГІЗДЕ ҚАЙТА ТАПСЫРУ МҮМКІНДІГІ БЕРІЛЕДІ.

ҰБТ-ға әзірлік бағытында жыл бойы жұмыс жасайтын лагерлерде мектеп бітірушілердің 94 %-і арнайы дайындықтан өткізіліп, бұл мақсатта жергілікті бюджеттен 109 млн қаржы бөлінді. Бүгінгі күнге сынама тестілеу

ақ, балаларының тест тапсыру ке-зін өз телефондарынан немесе ком-пьютерлерінен бақылай алады.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы».

ШӨПШЕК СҮЙГЕН ҚОС ҚАРИЯ



Шиелі ауданында тұратын Ишанқұловтар әулетінің тірегі – үлкен үйдегі қос қария. Бүгінде тамыры тереңге кеткен алып бәйтерек секілді ата мен әженің көлең-кесінен сая іздейтіндер бір қауым елге айналды. Олардың бәрінің басы қосылғанда үлкен үй той-думанға бөленеді. Қарашаңырақтан түлеп ұшқан әр перзенттің, олардан тараған ұрпақтардың амандығын, бейбіт өмір мен берекетті тірлікті тілеп отыратын Ерғали ата мен Бахира әже ауыл-аймақтың да қадірлісі.

Жастайынан еңбекке араласып, майданға кеткен үлкендердің орнына жұмыс істеген Ерғали ата бүгінде 80-нен асты. Бұл кісінің жасындағы адамдар – елдің беткеуштар азаматтары түгелдей соғысқа кеткенде елде қалған аналардың көз жасын сұрткен, болашағынан үміт үздірмеген буын өкілдері. Бұғанасы қатпай жатып, бейнетті белшеден кешкендер. Бала болып асыр салып ойнамағандықтан еңбектің, ағайын арасындағы ауызбірліктің, бар мен жоқтың қадірін жете түсінеді.

Отарғасына соғыстан кейінгі жылдары ғана білім алуға мүмкіндік туды. Ауылға жаңа техникалар келіп, талабы бар жас жігіттерге көлік тізгіні ұсынылып жатты. Ерғали ата да еңбек жолын 1956 жылы «Коммунизм»



колхозында көлік жүргізушісі болып бастаған. Кейін «Жиделіарық» бөлімшесінде ферма меңгерушісі болды. Бұл жауапты жұмысты 30 жылға жуық атқарды. Жылдың төрт мезгілінде малдың жайымен көшіп-қонып жүретін малшылардың, олардың алдындағы мемлекет иелігіндегі малдың жауапкершілігі түгелдей ферма меңгерушісінің мойнында. Тірлігінен шашуа шықпас үшін күндіз-түні ат үстінде жүрді.

Мұндайда азаматтың ең негізгі тірегі мен тылы – отбасы. Бахира әжей өмір бойы жары мен балаларының жағдайын жасады. «Алтын алқа» иегері 14 процентті дүниеге әкелді. Қазір 80-де, бала санын шектейтін келіндерге әр бөбек несібесін ала келетінін айтудан

жалықпайды. Бір шаңырақ астында 62 жылдан бері өмір сүріп келе жатқан жарын сыйлаудың үлгісін, сыйластықты бауырластыққа ұластыруды жастарға үйретіп келеді.

– Айналайындар, қиындықты біз де көрдік. Балалардың естиярына кішісін бақтырып, үй тірлігін, жұмыстан шаршап келетін отарғасының бабын жасауды бірінші орынға қойдық. Ер адамды үйімнің тірегі деп сыйлағаннан жаман болған жоқпыз, – дейді әжей жас келіншектерге.

Ишанқұловтар әулеті әке жолын жалғап, мал шаруашылығы саласында өз бизнесітерін ашқан. Төрт түлік малдан береке іздеген тірліктері табыссыз емес. Бірте-бірте шаруашылықтың іргесін кеңейтіп, кәсіптерін өркендету қамымен тыным таппайды.

Қазір қос қария өздерінен өрген перзенттерінен 52 немере, 25 шөбере көріп отыр. Жақында дүниеге шөпшек келді. Сүйінші хабарға қуанған ата мен әже батасын жаудырып, қауқылдасып қалды. Ерғали ақсақалдың «Жас ұрпақ біздің көргенімізді көрмесін. Ата-аналарының бауырында еркелеп, өсіп-өнсін!» деген ақ батасын ақ жаулықты әже жалғады. «Көбейіндер, қарақтарым, біздің жасымыз бен жолымызды берсін!» деді. Үлкендердің ақ тілегі, ғибратты да ұзақ ғұмыры дүниеге келген сәбіге жұғысты болғай.

М.МЕРЕЙ.

БІРІНШІ КЛАСТЫҢ ЖЕТЕКШІСІ

(Алақандай әссе)

Грузиннің әйгілі жазушысы Нодар Думбаденің «Кукарача» повесінің желісі бойынша түсірілген фильмде автордың «Күн бойы балалық шағым, ауыл балаларының қамқоры – үшкелік милиционер Кукарача ойынан кетпеді» деп толғанатын тұсы бар еді. Сол айтқандай, бүгін күн ұзаққа бағыт бірінші класқа («сынып» деген сөзге үйрене алмадық) барған сәтіміз, алғашқы ұстазымыз есіміден шықпай қойды.



Сонау алпыстығызыншы жылдың қоңыр күзін көз алдымызға келтірген жәйт Қызылордадан жеткен «Алтынғұл апай қайтыс болды» деген хабар еді. Ол біз үшін ең құрметті адам еді. Біздің бірінші «А» класының жетекшісі еді. Қолымызға алғаш қалам ұстатып, жазуды үйретіп еді. Бәлкім, кейін өмір бойы өзімізге серік болған қаламға деген құмарлығымызды да осы кісі оятқан шығар.

Алтынғұл апайымыз сол кезде жасы жиырмадан енді ғана асқан жас келіншек болатын. Педагогикалық училищені бітіріп, елге келген бойы екен. Бірақ мектеп табалдырығын жаңа ғана аттаған біз секілді көгенкөздерге ол оқыған-тоқығаны мол, көрген-түйгені көп, саликалы кісі болып көрінетін. Әйтеуір, педучилищенің түлегі Алтынғұл Жетпісәлиеваның сол сәттегі бейнесі көз-көсір білімді ұстаз кейпінде жадымызда жатталыпты. Ол бізді өз перзентіндегі аялады, сабақты ұғынықты тиіммен түсіндірді. Біз ол сөйлеп тұрғанда құлағымыз қалқып, тек қана тыңдап отыратынбыз.

Апайымыздың шынында да сол дәуір үшін жаңашыл педагог екені рас-ты. Олай дейтіміз, ауылымызға ат басын бұрған журналистер мектепке арнайы соғып, алдымен сол кісіні іздейтін. Бір күні бір жігіт келіп сабағымызға қатысқаны есімде. Әрі апайды тыңдап, әрі әлденені блокнотына жазып алып отырды. Екі-үш күннен кейін аудандық «Толқын» газетінің тұтас бір бетін алып, ұстазымыз туралы көлемді мақала шыға келсін. «Табалдырықтан биік тау жоқ» демекші, олтұста біз «Толқыннан» басқа басылымды білмейтін едік. Онда белділі газет бар деп те ойламайтынбыз. Себебі, атақты «Қаратерек жастарының валісі» деген әннің сөзін жазған ақын Серік Сейтмағамбетов онда қызмет істейді. Ендеше, онда артық қандай газет болуы мүмкін?!

Мына қызықты қараңыз, мақала тек Алтынғұл апайымыз туралы ғана емес екен. Ішінде бәріміз де жұрмыз. Журналист сабақтағы болған жәйтті сол күйінде жазыпты. Әсіресе, мына бір тұсы әлі көкейімде сайрап тұр:

«Ұстаз шәкірттеріне көз тастады: – Роза, қазір қай сабақ? – Ана тілі. – Бауыржан, қандай тапсырма берілді? – «Одақ» атты өлең...»

Ерекше жақсы көретін апайымыз туралы мақаланың жариялануы, онда есімиздің аталып, баспаханадан қорғасын әріптермен басылып шығуы бізге қатты әсер етті. Бірінші әлде екінші кластың баласы не білуші еді, сол мақаладағы жазылған дүниенің бәрін толық түсіндік деп айта алмаймыз. Бірақ ұққанмыз – біздің Алтынғұл апайымыздың тек мектептегі ғана емес, аудан көлеміндегі ең тауір мұғалімнің бірі екендігі.

Ол шынында бала біткеннің жүрегінен жаулаған ұлағатты ұстаз еді. Сол кездегі дәстүр бойынша бірінші класты қабылдап алған мұғалім оқушылары төртінші класқа жеткенше үздіксіз жетекшілік міндет атқаратын. Осы кезеңде мұғалім оқушыларға әрден бауыр басып кететіні соншалық, соңында қимай қопсататын. Қаратеректің кішігірім бір әуежайды құрайтын ұшқыштарын да, баршаға танымал журналистерін де, құлашын алысқа сермеген суретшілерін де сол ұстаздар оқытып еді. Солардың арасында Алтынғұл апайымыздың орны бөлек-ті. Ол қырық жылдай уақыт ішінде бірнеше буын ұрпақты тәрбиелеп шығарды. Ақтері де, актрисасы да, қаламгері де, тәлімгері де, есепшісі де, еңбеккері де, кәсіпкері де, баспагері де бар менің қатарластарым солардың санатында. Алтынғұл қолға ұстатқан алтын қалам бәрімізді биікке бастады.

Істі қалай аяқталатынын оның қалай бастағанынан белгілі десек, Алтынғұл апай қаратеректің ұлдардың білім бұлағының тұндық болуына өлшеусіз үлес қосты дей аламыз.

Онысы да ұлттық педагогиканың ері мойнына кетіп тұрған заманда тағы бір тамаша педагог өмірден өтті. «Бірінші кластың жетекшісі» деген қарапайым ғана ұғымды керемет биіктетіп кетті ол...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Қызылорда қаласында қоғамда сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызмет көрсету және мемлекеттік қызметшілердің Әлеп кодексі салаларында заң бұзушылықтарды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен азаматтық бақылау жобасы аясында облыс бойынша әлеуметтік, денсаулық сақтау, жер, тұрғын-үй және құрылыс салаларының басшылары азаматтарды қабылдайды.

Қабылдау төмендегі кестеге сәйкес жүргізіледі.

№	Өткізу күні	Ұйым атауы	Мекен жайы
1	12.06.2018 ж 10:00 - 12:30	Қалалық жер қатынастары бөлімі	Қызылорда қаласы, Астана даңғылы 35 («КМФ» банкі орналасқан ғимарат)
2	13.06.2018 ж 10:00 - 12:30	Облыстық денсаулық сақтау басқармасы	
3	15.06.2018 ж 10:00 - 12:30	Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	
4	19.06.2018 ж 10:00 - 12:30	Қалалық білім бөлімі	Қызылорда облысы бойынша департаменті
5	20.06.2018 ж 10:00 - 12:30	Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті	
6	22.06.2018 ж 10:00 - 12:30	Облыстық кірістер департаменті	
7	26.06.2018 ж 10:00 - 12:30	Облыстық ішкі істер департаменті	
8	29.06.2018 ж 10:00 - 12:30	Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандың барлық басшыларына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-49, 70-00-52** телефондары арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

Кезекші редактор **Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ БАЙҚАУ ЖҮЛДЕГЕРІ



Елбасының «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы жайлы Жарлығының бес жылдығына орай Алматы қаласында өткізілген сайыс мәресіне жетті. Қаладағы 8 ауданнан қатысқан 131 шаңырақ арасынан 16 отбасы ақтық жарысқа шықты.

Қала әкімдігінде өткен шара соңында Алматы қаласының тұрғыны, «Жалағаш ауданының құрметті азаматы», Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, 100 жылға жуық үзілмей келе жатқан оқытушылар династиясының жалғастырушысы, ардагер ұстаз Сәбит Иманғалиевтың отбасы жұлдегер атанды. Қала әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев жеңімпаз әулетті құттықтап, республикалық байқауға жолдама берді.

«САГАН ДАЛИ» ТАБИҒИ КАПСУЛАСЫ – ӨМІРІҢІЗДІ САҚТАП, ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗДЫ НЫҒАЙТАДЫ!

Ел ішінде айтылған аңыздарға сенер болсақ, жауды жеңіп, жеңіспен оралған жауынгерлер Саян қыратына найзаларын қадап, өз бойындағы күш-жігерлерін жерге беріп өкен. Көп ұзамай, нақ осы жерге адам ағасының күш пен саулық сыйлайтын сазан-дәлі өсіп шығады. Оның өрекше сиырлы өсері бар екені жиі айтылады. Сондай-ақ, шамандар мен халық емшелері бұл өсімдікті түрлі ауруларды емдеуде науқастарға арналған арнайы ритуалдарында қолданып келеді.

Биологиялық активті қоспалар дәрілік зат болып табылмайды.

Бүгінгі медицина тұрғысынан алып қарасақ, «Саган Дали» өсімдігінен жасалған капсула керемет қуаттандырғыш зат. Ол адам ағзасына күш-қуат беріп, апсідіктен арылтады, түрлі ауру-сырқаудан қорғайды.

«Саган Дали» капсуласы көне Сібір емшілерінің білімі негізінде айрықша рецепт бойынша дайындалған. Заманауи технологияларды қолдану арқылы жасалған капсуланың құрамында өсімдіктің барлық табиғи компоненттері мен пайдалы қасиеттері сақталуымен қатар, азаға кері әсер тигізуі ықтимал спирт, қант және өзге де консерванттар жоқ. Капсула құрамындағы табиғи композицияның негізгі компоненті – «Саган-Дали» дәрілік шөбі болып табылады.

«Саган Дали» капсуласын арнайы түзілген схема негізінде қабылдау арқылы ағзаны энергиямен қуаттандырып, ұйқыны тыныштандырып, ауруға қарсы тұратын иммунитет қалыптастыруға болады. Сондай-ақ, ағзаны табиғи дүрмедерге байытып, оның қалыпты жұмыс істеуіне

ықпал ететін қажетті микроэлементтермен қамтамасыз етеді. Оны тіпті қатерлі ісік (онкологиялық) ауруларының алдын алуға және қосымша ем-дом ретінде де қолданады. «Саган Дали» табиғи композициясы адам ағзасындағы аурудың негізгі себебін анықтап, соған қарсы әсер етумен бірге, көптеген жанама кеселдерге де көмектеседі.

«САГАН ДАЛИ» КАПСУЛАСЫН МЫНАДАЙ АУРУ ТҮРЛЕРІНЕ ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ:

- қан қысымын реттеу үшін, тіпті созылмалы гипертонияда жәйт;
- қан айналымын реттеу және қалпына келтіру;
- жас ұлғауына байланысты түрлі өзгерістерге қарсы;
- қант диабетіне;
- ми қызметінің бұзылуына;
- жүрек-қан тамыры қызметі бұзылуына қарсы, атап айтқанда, атеросклероз, инфаркт пен инсульт алу мүмкіндігін жояды;

- ісіктік өзгерістердің алдын алады;
- қалқанша безі қызметінің бұзылуына;
- азадағы зақымданған жасушалардың қалпына келуін қамтамасыз етеді;
- белсіздікке қарсы, қалпына келтіру өсері жоғары;
- көздің көру қабілетінің төмендеуіне;
- өкпе мен тыныс жолы мүшелерінің өзгерістеріне;

- тірек-қимыл аппараты кеселдері мен артрит, ревматизмге;
- жыныс және зәр шығару жүйесі;
- бауыр өзгерістері;
- ас қорыту органдары мен ұйқы безі қызметінің бұзылуына;
- терідегі өзгерістерге (актаңдақ, безеу, аллергия, дерматит, псориаз);
- ұйқының бұзылуы мен ашушаңдыққа;
- ұйытқылық пен аутоиммунды ауруларға (эпителия, полиартрит, т.б.).

«САГАН ДАЛИ» ТАБИҒИ КОМПОНЕНТТЕР ЖҮЙЕНІҒЫ АУРУ АҒЗАҒА САУЛЫҚ ДӘНІН СЕУІП, НАУҚАСТЫҢ ӨРБІР ЖАСАУШЫНА ЖАҢА ӨМІР СЫЙЛАЙДЫ.



«Кудзу» тамшылары Маскүнөмдікке ЖОҚ ДЕ!

Сыйбестік сертификаты №POCC RU.414.100464 26.05.2017 жылдан 25.05.2020 жылғы дейін жарамды

Кудзу тамшысы – бұл ішімдіктен психологиялық, физикалық тәуелділіктен құтқаратын қайталанбас табиғи өнім.

МАСКҮНӨМ ОТБАСЫҢЫЗДЫ ОЙРАНДАДЫ МА?

Маскүнөмге байқапай спирттік ішімдікке тәуелділіктен құтылу кепілдемесі

«Кудзу» алкоблаторы туралы Белсенді тамшы түріндегі «Кудзу» алкоблаторы – алкогольге психикалық және физикалық тәуелділіктен арылтатын, қайталанбас табиғи өнім.

1. Маскүнөм мен ішімдіктен кейінгі бас аурудың басыды;
2. Спиртті ішімдіктердің адам ағзасына жағымсыз әсер етуін тудырады;
3. Алкогольді ішімдікке жек көрініс сезімін оятады;
4. Алкогольдің жағымсыз әсерін тыйып, аздадағы токсиндерді шығарады, ішімдікке қарсы иммунитетті көтереді.

Бір курсқа тамшының қораның қабылдау ұсынылады. Бір қораптың бағасы – 3500 теңге.

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43

Жауапты қатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарыпмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» – ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы **30315**
Тапсырыс **№885**

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz